



## Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы мәслихатының V сайланған XXXI сессиясының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі N 262 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 қазанда N 1090 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 108 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 15.04.2024 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-бабының 6-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары бекітілсін.
2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының қала құрылысы, көріктендіру және коммуналдық меншік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б.С. Шинге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә. Шормановқа (келісім бойынша) жүктелсін.
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V сайланған

Алматы қаласы мәслихатының  
XXXI сессиясының төрайымы

V сайланған

Х. Есенова

Алматы қаласы мәслихатының  
XXXI сессиясының төрайымы

V сайланған Алматы қаласы

мәслихатының хатшысы

Т. Мұқашев

Келісілді:

Алматы қаласы әкімінің  
орынбасары  
Е. Шорманов

Алматы қаласы бойынша  
Салық департаментінің басшысы  
Ж. Іңкербаев

Алматы қаласы Табиғи  
ресурстар және табиғатты  
пайдалануды реттеу  
басқармасының басшысы  
А. Рахимбетов

Алматы қаласы Қаржы  
басқармасының басшысы  
А. Әбдіқадырова

Алматы қаласы Экономика және  
бюджеттік жоспарлау  
басқармасының басшысы  
С. Қабдолов

Алматы қаласы әкімі аппараты  
заң бөлімінің басшысы  
А. Қасымова

V сайланған Алматы қаласы  
мәслихатының

XXXI сессиясының  
2014 жылғы 10 қыркүйектегі  
№ 262 шешіміне қосымша

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының 17.03.2015 № 315 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Алматы қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жинақталудың есептік нормалары*
---	---	----------------	---------------------------------

1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,90
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,19
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,54
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,01
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,55
6	Емханалар	1 адам	0,03
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,10
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,35
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 тағам	2,50
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,49
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,06
14	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м2	1,61
15	Машиналардан сату	сауда орны 1 м2	1,61
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	1,14
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,78
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,10
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,26

20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м2	0,96
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,58
22	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м2	0,43
23	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	1,15
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	10,90
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,10
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,15
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,88
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,62
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,43
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,44
31	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,89
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,85
33	Бау - бақша кооперативтері	1 учаске	2,30